

**Шектеу іс шараларын тоқтату және "Күршім ауданы Боран ауылдық округінің Жиделі ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Боран ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 3 тамыздағы № 3 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Боран ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 8 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Күршім аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 22 мамырда № 5-14-165 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Ветеринария туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46 – бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Күршім ауданының аумақтық бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 1033 ұсынысы негізінде, Боран ауылдық округі әкімі ШЕШТІ:

1. Ірі қара малдардың сарып ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Күршім ауданының Боран ауылдық округінің Жиделі ауылында шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Боран ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 3 тамыздағы № 3 "Күршім ауданының Боран ауылдық округі Жиделі ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5185 болып тіркелген, 2017 жылдың 31 тамызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Боран ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық акпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Күршім ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Күршім ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Боран ауылдық округінің  
әкімі*

*А. Наурызбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК